

*¹Арзыкулов А.А.  ²Сериккалиева А.Е. 

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

² Алматы менеджмент университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹amanzhan.arzykulov@gmail.com, ²serikkaliyeva@gmail.com

ҚХР ҚАУІПСІЗДІК ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫНЫҢ ӨЗГЕРІСІ

Аңдатпа. Қазіргі Қытайдың дамуы мен оның ықпалының өсуі барған сайын зерттеушілердің назарына өзіне аударып түсуде. Бұл жерде екі мәселеге жігі көңіл бөлінеді: біріншісі-Қытайдың күшеюінің салдары және оның халықаралық жүйеге ықпал ету мүмкіндігі; екіншісі-Қытай өз ұлттық мүдделерін жүргізу үшін қуатын қалай пайдаланады деген мәселе. Қолда бар зерттеулерге талдау жасау Қытайдың әлемдік және аймақтық үдерістерге елеулі ықпалы бар екенін көрсетіп отыр. Өзінің әртүрлі ұсынып отырған тұжырымдамалары арқылы келешекте Қытай қолданыстағы халықаралық жүйеге қаншалықты әсер етеді және Қытайдың аймақтық және жаһандық үдерістерді басқаруда қаншалықты белсенді рөл атқаруы мүмкін деген сұрақтар зерттеушілердің саналуан пікірлеріне әкеліп отыр. Осыған байланысты мақаланың зерттеу мақсаты - ҚХР қауіпсіздігі тұжырымдамаларының эволюциясын сипаттап қана қоймай, дәстүрлі қағидаттардан («бейбіт қатар өмір сүру қағидаттары») шетелдік экономикалық мүдделерді қорғау құралдары мен нормашығармашылық бастамаларға (атап айтқанда, Жаһандық қауіпсіздік бастамасы) ауысу дәрежесін эмпирикалық түрде бағалау. Мақаланың жаңалығы - қытайлық «Ақ кітаптардың» (2013-2019) мазмұнын жүйелі түрде салыстыру және ҚХР ұлттық мүдделерін қорғаудың практикалық шараларын ескере отырып, Жаһандық қауіпсіздік бастамасына ресми контент-талдау жүргізу. Аталған мақсатқа қол жеткізу барысында авторлар қазіргі әлемдік қауіпсіздікке қатысты әртүрлі өзгерістер мен бетбұрыстарға шолулар жасай отырып, осыған орай ҚХР-ның соңғы даму сатыларындағы қауіпсіздік тұжырымдамаларына талдау жасау, олардың өзгерістеріне баға беру міндеттері қойылды. Зерттеу жүргізу барысында жалпы ғылыми және арнайы-ғылыми әдістер қолданылды, сондай-ақ контент-талдау тәсілі де пайдаланылды. Зерттеу нәтижелері ҚХР-ның қауіпсіздік тұжырымдамаларының өзгерістері елдің саяси-экономикалық дамуына тікелей байланысты екендігін және басты орында қытайлық мүдделер жатқандықтан, ұлттық қауіпсіздікті арттырудағы рөлі мен ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және бұл нәтижелер саясаттанушылар, аймақтанушылар, сондай-ақ сыртқы саясат және дипломатия саласындағы мамандар үшін пайдалы болуы мүмкін.

Кілт сөздер: Жаһандық қауіпсіздік, қауіпсіздік тұжырымдамасы, «көполяры әлем», дәстүрлі емес сын-қатерлер, Бір белдеу-бір жол», Ақ кітап.

Кіріспе

2022 жылдың сәуірінде ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Боаодағы азиялық форумда алғаш рет Жаһандық қауіпсіздік бойынша бастаманы (ЖҚБ) (Full text, 2023) көтерді. Төраға жаһандық қауіпсіздік мәселесі бойынша қытай үкіметінің ұстанымы: ортақ бейбітшілікті сақтау үшін ымырашылдық пен ынтымақтастық рухын қорғау екенін баса айта отырып, халықаралық қауымдастықты ортақ, ауқымды, бірлескен және тұрақты қауіпсіздік тұжырымдамасын ұстануға шақырды. Бұл бастама аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қорғау бойынша қытайлық ұсыныс болып табылады, сондай-ақ оны қауіпсіздік бойынша жаһандық басқаруды жақсартуға арналған қытайлық үлес деп санасақ болады. Біраз талқылаулардан кейін Қытай бастаманы іс жүзінде орындауға көшіп, 2023 жылы ресми

«Жаһандық қауіпсіздік бастамасы бойынша тұжырымдамалық құжатты» жариялады, онда ЖҚБ-ның 6 принципінің, ынтымақтастықтың 20 басымды бағытының, ынтымақтастықтың платформалары мен механизмдері бойынша пікірлері мен ұсыныстарының негізгі мәнін егжей-тегжейлі баяндап, Бастаманы жүзеге асырудың жол картасын айқындады. Аталған бастама ҚХР-ның белгілі «Адамзаттың ортақ тағдыры қауымдастығы» тұжырымдамасымен және қытай баспасөзінде жиі айтылатын барлық елдер түсіністік пен келісімде өмір сүретін үйлесімді халықаралық жүйе қалыптастыруға шақыртуымен үндесіп жатқандығын көруге болады. Дегенмен, жаһандық немесе халықаралық қауіпсіздіктің қытайлық көзқарасын жалпыға бірдей үйлесімділіктің абстракты идеалдарына теңестіруге келе қоймас. Қауіпсіздік бойынша жаһандық бастама – «бір мемлекеттің қауіпсіздігі тағы біреуінің қауіпсіздігі есебінен құрылмауы тиіс» адамзат болашағының ортақ байланыстылығының тұжырымдамасының көрінісі ғана емес. Қытайдың бұл кезекті бастамасы Еуропадағы қақтығыс жағдайында және Қытайдың жанындағы Азия-Тынық мұхиты аумағындағы жағдайдың ушығуы кезінде ұсынылып отыр. Ол ҚХР-ның жаһандық басқарудағы жаңа рөлінің кезекті қадамын көрсетеді, бұл бағытта Қытай соңғы онжылдықтарда жылжып келеді. Бұл бүгінде әлеуеті орасан артқан державаның Батыстың үстемдігінен, гегомония мен қытай доктриналары қабылдамайтын басқа да замануи белгілерден еркін жаңа халықаралық тәртіпті қалыптастыруға ұмтылысын көруге болады. Соған қарамастан, Қытай бұл бастаманы қолданыстағы халықаралық құқық пен халықаралық арбитраж, БҰҰ және басқа халықаралық орындардың нормаларына сүйеніп, оларға қарсы емес, керісінше, өз позициясын нығайту үшін қолдана отырып жүзеге асырмақшы.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Тақырыпты зерттеу нәтижелеріне қол жеткізу үшін авторлар жалпы ғылыми (талдау және синтез), арнайы-ғылыми (тарихи-салыстырмалы) әдістерді қолданды, сондай-ақ ҚХР басшыларының баяндамаларының құжат-мәтіндеріне контент-талдау жүргізді. Жаһандық қауіпсіздік тұжырымдамаларының өзгерісіне ықпал етуші факторларды айқындауда жүйелік тәсіл қолданылды. Сондай-ақ авторлардың зерттеу жүргізу барысында объективтілік принциптерін басшылыққа алғандығын атап өтеміз.

Бұл зерттеу жұмысын жүргізу үшін негізгі материалдық база ретінде мемлекеттік маңызы бар құжаттар, мемлекет басшыларының баяндамалары мен ұсыныстары, ұлттық жоспарлар алынды. Мақалада талдау ҚХР-дың 1996 - 2023 жылдар кезеңіндегі ресми мемлекеттік мәтіндері мен сөздерін мынадай құжаттарға назар аудара отырып қамтиды: 1) қорғаныс жөніндегі Ақ кітаптар (2013, 2015, 2019); 2) көшбасшылардың бағдарламалық сөздері (Цзянь Цзэминь, Ху Цзиньтао, Си Цзиньпин); 3) ЖҚБ -ның тұжырымдамалық құжаты (21.02.2023). Материалдарды іріктеу мынадай өлшем бойынша жүргізілді: ресми/мемлекеттік шығу тегі және «қауіпсіздік», «жаһандық қауіпсіздік», «шетелдік мүдделерді қорғау» туралы тікелей айтылу.

Бұдан тыс, БАҚ беттерінде жарық көрген мақалалар мен хабарламалар назарға алынды. Аталған тақырып бойынша мемлекеттердің ұстанымы, ел басшыларының ұстанымдары мен есептері, саясаткерлер мен сарапшылардың көзқарастары құндылық-нормативтік тәсіл негізінде объективті қарастырылды.

Талқылау

ҚХР-ның жаңа дәуірінде, XXI ғасырдың бас кезіне дейін әлемдік сахнадағы ҚХР стратегиясы Дэн Сяопин өсиеттері бойынша «көлеңкеде қалып, бар екенінді ешбір сездірмеу» ұстанымында болды. Мұндай «көлеңкеде болу» уақытша шара болды, бұл Қытайға күш жинап, «көлеңкеден шығу» үшін қолайлы сәтті күтуге мүмкіндік берді. Ішкі модернизацияға басым көңіл бөлу және жаһандық дау-жанжалдарға араласпау белгілі бір

кезеңде мемлекеттің дамуына кепіл болып, ХХІ ғасырдың басына қарай елеулі экономикалық нәтижелерге қол жеткізуге жол ашты.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап Қытай «серіктестік дипломатиясын» қолға алып, көптеген елдермен қажетті қатынастар орнатты (АҚШ, РФ, ЕО елдері). Бұл қатынастардың негізінде одақтар мен блоктарға кіруден бас тарту, дау-жанжалдарды бейбіт шешу ұстанымдары жатты, осы арқылы Қытай басқа елдермен қатынастарындағы қайшылықтарды азайта алды және бұл байланыстарға «қытайлық қауіп» факторын бақылауында ұстады. Экономика саласында «серіктестік» стратегиясы «сыртқы шығу» тұжырымдамасымен күшейтіліп, қытайлық компаниялардың шетел нарығына белсенді инвестиция шығаруына мүмкіндік берді (Портяков, 2011: 204-208).

Қауіпсіздік мәселесі бойынша ҚХР-ның жаңа ұстанымдары 90-жылдардың екінші жартысындағы құжаттарда көрініс тапты. 1996 жылы «Қауіпсіздіктің жаңа тұжырымдамасы» қабылданды. 1997 жылы көптен күткен биполярлық дәуірдің аяқталғандығы және алдағы уақытта тек халықаралық қауіпсіздіктің басты реттеушісі – БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесінің беделіне сүйене отырып қалыптасатын «көпполярлы әлемдік тәртіп» орнайтыны айтыла бастады. 1999 жылы Женевадағы Қарусыздану бойынша конференцияда ҚХР төрағасы Цзянь Цзэминь «жаңа» қауіпсіздіктің – «егемендік пен территориялық тұтастықты өзара құрметтеу, шабуыл жасамау, бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпау, теңдік пен өзара пайда, бейбіт қатар өмір сүру» секілді бес ұстанымын нақты түсіндіріп өтті (Синьхуа, 2011). Аталған ұстанымдар Қытайдың ұлттық қорғаныс пен қауіпсіздік бойынша басты құжаты – 1998 жылғы Ақ кітапта да атап өтілген. Қытай басшылығының пікірінше, бейбіт қатар өмір сүрудің осы ұстанымдары «жаһандық және аймақтық қауіпсіздіктің» іргетасына айналуы тиіс. Сондай-ақ Ақ кітапта қытай тарапы аймақта әскери одақтар құру мәселесін де айыптады.

Қауіпсіздік бойынша келесі қадамдар 2002 жылы жасалып, АСЕАН-ның аймақтық форумында қытай өкілдері «қауіпсіздіктің жаңа тұжырымдамасын» ұсынды. Бұл мәселені осы жерде көтерудің өзіндік себебі де бар, өйткені АТА аймағы – қытай мүдделерінің, әсіресе қауіпсіздік саласы бойынша мәселелерінің шоғырланған басты кеңістігі болып табылады. Қытайдың қорғаныс және әскери стратегия бойынша әрбір Ақ кітабының алғашқы тарауында қауіпсіздік үшін қатерлерге жалпы баға беріледі, осында бұл аймаққа ерекше көңіл бөлініп, АТА мен Тайваньдағы жағдай талданады. 2004 жылғы құжатта «АТА аймағында әскери қатыстылығын күшейтті» және Тайваньға қару-жарақ берді деп Құрама штаттарға тікелей сындар айтылды, ал кейінгі жылдары бейбіт қатар өмір сүруге зиянды «блоктық саясат» пен аймақта әскери альянстар құруды жүзеге асырды деп айыптады (2006, 2010, 2013, 2015, 2019 ж.). Осыдан келіп аймақтық қауіпсіздік бойынша кешендік ұстанымның еуразиялық емес, «жалпыазиялық» ұстанымын қалыптастыруға алғышарттар пайда болды.

2003 жылы өткен Боао форумында ҚКП ОК насихат бөлімінің жетекшісі Чжэн Бицзян алғаш рет ҚХР-дың кез келген жаһандық бастамалары ұлттық мүдделерге сәйкес келген жағдайда «бейбіт көтерілу» идеясын ұсынды. «Көтерілу» кейіннен әдәуір қалыпты «даму» деп алмастырылды, осылайша қытай көшбасшылары оны қытай тарихының «жүзжылдық қорлығына» қарсы қолданатын идеологияға айналды. 2000-жылдардың басындағы шетелдегі белсенді экономикалық саясат барынша сенімді дипломатиямен күшейтілуі тиіс еді.

Ху Цзиньтао билігі тұсында 2005 жылы «бірлесіп үйлесімді әлем құру» тұжырымдамасы ұсынылды. ҚХР төрағасы 2009 жылы БҰҰ Бас ассамблеясында қытайлық «жаңа қауіпсіздік тұжырымдамасын» бірлесіп ұстануды тағы ұсынды (Ху Цзиньтао, 2009). Ху Цзиньтао тұсындағы сыртқы саясат басымдылықтары жаңа қатерлер – терроризм, экстремизм және басқаларына қарсы тұру үшін қауіпсіздік саласында өзара әрекеттестіктің жаңа принциптерін қарастырумен толықтырылды. Осылайша, «бейбіт дамуға» бағытты «үйлесімді әлем» құру идеясы алмастырды.

Қауіпсіздік түсінігінің ауқымын кеңейту ҚКП-ның XVIII съезінен кейін Си Цзиньпин билігімен басталды. Бұл өзгерістерді 2013 жылғы Ақ кітаптан көруге болады. Әлемдік қатерлерді шолуға арналған «Қауіпсіздік саласындағы жағдай» тарауы енді «Жаңа жағдай, жаңа қатерлер, жаңа миссия» деп аталып, қытай қауіпсіздігінің әдеттегі принциптеріне жаңаша қарауды ұсынды (Ақ кітап, 2013). Дәстүрлі емес қауіп-қатерлермен күресу мәселесі 2002 жылғы құжаттарда-ақ кездеседі, ал «жан-жақты, бірлескен қауіпсіздік» тұжырымдамасы 2010 жылғы Ақ кітапта көтеріледі.

Жаһандық қауіпсіздік бойынша қытайлық көзқарастың жаңа кезеңінің басталуын 2013 жылдан деп қарастыруға болады, мұны сол кезде пайда болған негізгі қытайлық стратегия – «Бір белдеу-бір жол» бастамасымен байланыстыруға болады. Бастаманы жүзеге асыру бойынша басты құжат – «XXI ғасырдағы Жібек жолы мен теңіз Жібек жолының экономикалық белдеуін бірлесіп құру жөніндегі перспективалар мен іс-қимылдарда» көрсетілгендей, қатысушы-елдер «егемендікті құрметтеуге және қауіпсіздікті сақтау негізінде» әрекет етулері тиіс деп көрсетілген. Бұл арқылы Пекин тағы бір қытайлық «біртұтас тағдыр қауымдастығы» бастамасын жүзеге асыру қажеттігін көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге жаһандық деңгейдегі өзінің ықпал тетіктерін қалыптастыра бастады.

ҚХР бастамасымен және қаржылық қолдауымен құрылған транзиттік хабтар мен инфрақұрылымдық нысандардан кейін қытайлық «шетелдік мүдделерді» қорғауға қажетті қауіпсіз ортаны қалыптастыру табиғи нәрсе еді. Қытай Бір белдеу-бір жолды жүзеге асыруға кең көлемде инвестиция сала отырып және ол өтетін аймақтардың ерекшелігін ескере отырып, ондағы жобалар мен сол жобаларға қатысушы қытай азаматтарының қорғау үшін әрекет етері даусыз. Осыдан келіп «шетелдік мүдделер» мәселелері ҚХР-ның стратегиялық және қорғаныс доктриналарына қатысты болып отыр. 2013 және 2015 жылғы Ақ кітаптарда қарулы күштерді Қытайдың елден тыс мүдделерін қорғауға пайдалу мүмкіндіктері айтылса, 2019 жылғы Ақ кітапта оған жеке көңіл бөлінген. Осылайша, жаһандық қауіпсіздік құрамына шетелдегі қытай мүдделерінің қауіпсіздігі кіреді.

2014 жылы Си төраға «Ұлттық қауіпсіздіктің жалпы тұжырымдамасын» жариялады. Ол «Азиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын белсенді қалыптастыру және қауіпсіздік саласы бойынша ынтымақтастық үшін жаңа жағдай қалыптастыру» атты баяндамасында аймақтық, жалпыазиялық тұжырымдаманың түрін ұсынды (Си Цзиньпин, 2014).

Қытайлықтардың түсінігінше әрбір ҚХР азаматының қауіпсіздігі – бұл қытай халқының қауіпсіздігі, одан әрі бұл ұлттық, аймақтық, жаһандық деңгейде көрініс табады. Мұндай көзқарас қытай мәдениетінде орныққан тарихи алғышарттарға да, сондай-ақ экономикалық мүдделерге де негізделеді. Бұдан келіп шығатын қортынды дау-жанжалдың себебі мемлекет емес, шын мәнінде адам мен қысымдаушы тапқа байланысты. Бұл тұрғыдан алғанда ХХІ ғасырда қытай басшылығы Дэн Сяопин саясатының өсиеттеріне сәйкес қарапайым азаматтардың өмір сүру деңгейін арттыруға қызмет етіп келеді. Сондықтан да ұлттық қауіпсіздік мемлекеттің дамуымен, одан кейін азаматтардың әл-ауқатымен тығыз байланысты. Конфуций іліміне сүйенсек, даму жолын ең алдымен адам өмірін, сосын оның үйін, ары қарай ел мен әлемді жетілдіруден бастау қажет. Бұл қытайлық жаһандық қауіпсіздік көзқарасқа негіз бола алады, сыртқыэкономикалық мүдделерді белсенді жүргізу гегемонияға ұмтылу дегенді білдірмейді. Әлемдік тәртіпті айқындауда жаңа рөлге ұмтылу себеп емес, ұлттың бірізді даму жолының салдары деп қарастыру қажет. Өйткені ол «сыртқа шығуды» қарқындатуды, қытай инвестицияларына көрінеу шектеулердің болмауын, қытай кәсіпорындарының ашылуын және т.б. талап етеді.

Осылайша, жаһандық қауіпсіздік Қытайдағы қоғамдық адами қауіпсіздік түсінігімен тығыз сәйкеседі. 2015 жылы қытай тарабы БҰҰ-да ұсынған болашақ әлемдік тәртіп мемлекеттер мен ұлттардың келешектегі әрекеттестігіне емес, адамзаттың ортақ тағдырына негізделген. 2017 жылы БҰҰ-ның Әлеуметтік даму бойынша комиссиясы «адамзаттың ортақ тағдыры қауымдастығын құру» идеясын БҰҰ қарарына енгізді, бұл ҚХР-ның жаһандық

басқару тетіктеріне ықпалының өскендігінің бір мысалы болып табылады. Қытайдың жаһандық басқару тетіктеріндегі рөлі әрқалай: дәстүрлі БҰҰ немесе Әлемдік банкте қатысушы және қолдаушы, модификацияланған ұйымдарда (мысалы, G20) қолдаушы әрі реформатор, ал иновациялық құрылымдарда (ШЫҰ, БББЖ құрылымдары) көшбасшы (Грачиков, Суй, 2022). Демек, Қытай орныққан институттардың ықпалын да жоққа шығармайды, «жаңа буын» институттарында да өзін жайлы сезінеді.

2022 жылы Коммунистік партияның XX съезіндегі баяндамасында Си Цзиньпин адамзат алдында «бейбітшілік тапшылығы, даму тапшылығы, қауіпсіздік тапшылығы, басқару тапшылығы» жағдайында жаңа тәуекелдер тұрғанын атап өтті (Си Цзиньпин, 2022). Қытай басшылығының пікірінше бұл жаһандық басқару дағдарысынан келіп туындап отыр.

Зерттеу нәтижелері

Осыған дейінгі «диалог пен даму» үйлесімділігіне негізделген жалпыазиялық қауіпсіздіктің аймақтық бастамалары кең көлемдегі халықаралық мойындауға қол жеткізе алмағанымен, 2022 жылдан кейінгі Пекин бастамалары ҚХР-ның жаһандық қауіпсіздік мәселелеріндегі рөлін арттырды. 2022 жылдың басынан бастап қауіпсіздік мәселесі қытай сарапшыларының белсенді назарына алына бастады, бұған жоғары жақтың бағдарламалық бастамалары ғана емес, пайда болған жаңа қатерлер мен тәуекелдер де ықпал етті. Атап айтқанда, орыс-украин дағдарысының ушыға түсуі, Шыңжаңдағы, Тайваньдағы және Оңтүстік-Қытай теңізіндегі жағдайларға қысым жасалуы бұл мәселеге жан-жақты назар бөлу керектігін көрсетеді. Қытай сарапшыларының пікірінше, аймақтық қауіпсіздік әскери блоктарды күшейту немесе ұлғайту есебінен қамтамасыз етілмейді. Бұны осы күнде Еуропада орын алған жағдай көрсетіп отыр.

Сондықтан да қытай сарапшылары Пекиннің әлемнің жаңа қауіпсіздікті басқару тұжырымдамасына зәру екенін көрсететін ресми ұстанымын қолдайды және негіздейді. Экономикалық жаһандану жағдайында барлық елдердің қауіпсіздігі өзара байланысты және бір-біріне ықпал етеді (8). Қытай үкіметінің жаңа бастамасы суық соғыс менталитетінен, блокшылдықтан және санкциялар қиянатынан бас тартуға шақырады.

Қытайлық ресми материалдарды сараптау арқылы биліктің нормативті бағдарын айқындауға болады, дегенмен мемлекеттің нақты іс-әрекеті туралы түйіндер жасау үшін тәуелсіз эмпирикалық мәліметтермен салғастыра қарау қажет, бұл зерттеу жұмыстарының келесі кезеңдерінде міндетті қолға алынатын болады.

Қорытынды

Бүгінгі күні Қытайдың жаһандық қауіпсіздік бастамасы 100 аса елдердің және бірқатар халықаралық ұйымдардың қолдауына ие болды, сондай-ақ көптеген екіжақты және көпжақты құжаттардың құрамына енді. Қазіргі аймақтық жанжалдар жиілігі артқан, геосаяси жағдайлар ушыққан, суық соғыс менталитеті қайта бас көтерген, БҰҰ Ережесі мен мақсаттары еленбейтін халықаралық жағдайларда Бастаманың кең қолдау мен дұрыс қабылдануы заңды құбылыс, көптеген бейбітсүйгіш елдер ымырашылдық, ынтымақтастық және өзара пайда жолымен бірлескен қауіпсіздік пен жалпыға ортақ бейбітшілікке жеткісі келеді. Бастапқыда әрине Бастама декларативтік сипатта болады және символикалық ықпал ету әлеуетіне ие, уақыт өте келе оның практикалық әсері іске асыру тетіктеріне, серіктестермен кооперацияға және өңірлердегі қабылдауларға байланысты дамиды. Қалай болғанда да Қытай тарапы сөзден іске көшіп, аталған Бастаманың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға кірісіп те кетті.

Қытай халықаралық қауіпсіздік мәселелері бойынша алмасулар мен диалогтар жүргізудің платформаларына белсенді қатысады және оның көпжақты ынтымақтастығы мен жетілуіне атсалысады. Әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықтың қорғаны мен қолдаушысы ретінде Қытай бітімгершілік күштерін ең көп жібереді және БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің

тұрақты мүшелері арасында бітімгершілік жарнасын құю көлемі бойынша екінші орында. Жаһандық қауіпсіздікке қосқан үлесі ретінде атап өтер болсақ: 15 жыл қатарынан азаматтық кемелерді қорғау үшін Аден шығанағына ҚҰАА ӘТК флотын жіберіп келеді; бейбітшілік пен даму мәселелері бойынша Қытай және Африка елдерінің алғашқы конференциясын өткізуге мұрындық болды; Орта Шығыстағы қауіпсіздік мәселесі бойынша екінші Форумды сәтті өткізді; қауіпсіздік саласы бойынша алмасулар мен диалогтар үшін бірқатар халықаралық платформаларды жүргізуді жалғастыруда, олардың ішінде «Сяншань» форумы (Пекин), Қоғамдық қауіпсіздік саласы бойынша ынтымақтастықтың жаһандық форумы (Ляньюньган), Бейбітшілік пен қауіпсіздіктің қытай-африка форумы және Қорғаныс мәселесі бойынша Қытай және Латин Америкасы мен Кариб бассейні елдері форумы; Шанхай ынтымақтастық ұйымы, БРИКС елдері, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес секілді платформаларда және Шығыс Азиядағы ынтымақтастық тетіктерін пайдаланып қауіпсіздік саласы бойынша алмасулар мен ынтымақтастықты жалғастырып келеді (Се Гуйпин, Е Юган, 2023).

Қытай араағайындық дипломатиямен белсенді айналысады және өткір мәселелерді саяси шешуге тынымсыз күш салады. Атап өтсек: бейбіт келіссөздерді жақтай отырып, отқа май құюға қарсы «Украин дағдарысын саяси реттеу бойынша Қытайдың ұстанымы» құжаты; Сауд Аравиясы мен Иран арасында дипломатиялық қатынастардың қалпына келуінде араағайындық рөл атқарды, бұл Таяу Шығыстағы ымыраға келу толқынын туғызып, халықаралық қауымдастыққа кеңінен танылды; ауған мәселесі бойынша өз ұстанымын білдіріп құжат жариялады, әлемдік қауымдастықты ауған тарапын Ауғаныстанда қалыпты және салмақты саяси басқаруды жүргізуге бағыттауға шақырды; Палестина-Израиль қақтығысы басталысымен Қытай дереу оқ атуды тоқтауға шақырып, «Палестина-Израиль қақтығысын реттеу бойынша Қытайдың ұстанымдық құжатын» жариялады, Палестина-Израиль қақтығысын тұйық шеңберден шығаруға мүмкіндік беретін негізгі жол – «Екі халыққа арналған екі мемлекет» жоспарын жүзеге асыру екенін атап өтті (10).

Жаңа сын-қатерлерге батыл жауап бере отырып, қытай қауіпсіздік саласындағы дәстүрлі емес сын-қатерлер мәселелері бойынша ынтымақтастықты белсенді түрде ілгерілетуде. Терроризмге қарсы күрес, киберкеңістік, азық-түлік және климаттың өзгеруін қоса алғанда, қауіпсіздік саласындағы дәстүрлі емес сын-қатерлер мәселелері бойынша ынтымақтастықты дамытуға барлық тараптармен бірлесіп қатысуға ұмтыла отырып, Қытай Пәкістан және Иранмен бірлесіп терроризмге қарсы күрес жөніндегі алғашқы үшжақты консультацияларды сәтті өткізді, G20 шеңберінде Азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы халықаралық ынтымақтастық жөніндегі бастаманы көтерді, Қытай мен Тынық мұхиты аралдары мемлекеттерінің табиғи апаттардың алдын алу және азайту жөніндегі ынтымақтастық орталығы пайдалануға берілді, сондай-ақ халықаралық қауымдастықтың жаңа технологияларды тиімді басқаруға кең үндеуіне жауап бере отырып, Деректер қауіпсіздігі жөніндегі жаһандық бастаманы, Жасанды интеллектті басқару жөніндегі жаһандық бастаманы және т.б. ұсынды.

Көріп отырғанымыздай, Қытайдың ұзақ тұжырымдамалары мен үндеулерінің артында ҚХР-ның әлемдік аренадағы нақты әрекеттері тұр. Қақтығыстар мен дағдарыстар Қытайдың одан әрі дамуына кедергі болып табылады, бірақ тәжірибе көрсеткендей, бұл Бейжіңнің жаңа әлемдік тәртіп пен жаһандық басқару ережелерін құрудағы рөлін жандандыруға көбірек мүмкіндіктер береді.

Әдебиеттер:

Full text, 2023. – Full text: The Global Security Initiative Concept Paper. <https://english.news.cn/20230221/75375646823e4060832c760e00a1ec19/c.html>

Портяков, 2011. – *Портяков В.Я.* Партнёрство как инструмент современной внешней политики КНР // *Общество и государство в Китае.* 2011. Т. 41. No. 1. С. 204–208.

Синьхуа, 2011. – 江泽民主席在日内瓦裁军谈判会议上的讲话 (全文) [Төраға Цзян Цзэминнің Женевадағы қарусыздану бойынша конференциядағы сөзі (толық мәтін)] // Синьхуа. 22.12.2011. URL: <http://news.cntv.cn/china/20111222/116942.shtml> (жүгінген күн: 19.09.2025)

Ху Цзиньтао, 2009. – Ху Цзиньтаодың 2009 жылы БҰҰ Бас ассамблеясының 64-сессиясындағы баяндамасы. <https://russian.cctv.com/20090928/103833.shtml> (жүгінген күн: 10.10.2025).

Ақ кітап, 2013. – 2013 жылғы Ақ кітап «中国武装力量的多样化运用»白皮书 [Қытай қарулы күштерін әртарапандыру] // Синьхуа. 16.04.2013. URL: http://www.gov.cn/zhengce/2013-04/16/content_2618550.htm (жүгінген күн: 18.10.2025).

Си Цзиньпин, 2014. – 习近平：应积极倡导共同、综合、合作、可持续的亚洲安全观 [Си Цзиньпин: Біз жалпы, жан-жақты, бірлескен және тұрақты азиялық қауіпсіздіктің тұжырымдамасын белсенді түрде қорғауымыз керек] // Синьхуа. 21.05.2014. URL: http://www.xinhuanet.com/world/2014-05/21/c_1110792359.htm (жүгінген күн: 13.08.2025).

Грачиков, Суй, 2022. – Грачиков Е.Н., Суй Х. КНР и международная система: формирование собственной модели мироустройства // Вестник международных организаций. 2022. Т. 17. No. 1. С. 7–24

Си Цзиньпин, 2022. – 习近平在博鳌亚洲论坛 2022 年年会开幕式上的主旨演讲 (全文) [Си Цзиньпиннің 2022 жылғы Боао азиялық форумының ашылу салтанатындағы бағдарламалық сөзі (толық мәтін)] // Синьхуа. 21.04.2022. URL: <https://baijiahao.baidu.com/s?id=1730682137269261638> (жүгінген күн: 02.08.2025)

Се Гуйпин, Е Юган, 2023. – 谢贵平 [Се Гуйпин], 叶玉钢 [Е Юган] 中国共产党国家安全思想研究 [Қытай Коммунистік партиясының ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамаларын зерттеу] // Бейжің технологиялық университетінің журналы. 2023. Vol. 23. No. 3.

Го Цайхуа, Чжан Гоцин, 2021. – 郭才华 [Го Цайхуа], 张国清 [Чжан Гоцин] 全球安全危机与构建人类安全共同体 [Жаһандық қауіпсіздік дағдарысы және адамзат қауіпсіздігі қауымдастығын құру] // Journal of Zhejiang University. 2021. Vol. 51. No. 3. P. 48–60.

Ларин, 2023. Ларин В.Л. Китайская повестка мировой политики XXI века // Российское китаеведение. 2023. Т. 1. No. 2. С. 21.

References:

Full text, 2023. – Full text: The Global Security Initiative Concept Paper. <https://english.news.cn/20230221/75375646823e4060832c760e00a1ec19/c.html>

Portyakov V.Ya. Partnyorstvo kak instrwment sovremennoy vneshney politiki KNR // Obchestvo i gosudarstvo v Kitae. 2011. Т. 41. No. 1. S. 204–208.

江泽民主席在日内瓦裁军谈判会议上的讲话 (全文) [Toraga Czuan Czeminning Jenevadagi qaruzısdanu boyınsha konferenciyaдagi sozi (toliq matin)] // Sinhua. 22.12.2011. URL: <http://news.cntv.cn/china/20111222/116942.shtml> (jugingen kun: 19.09.2025)

Hu Czintaoding 2009 jili BUU Bas assambleyasining 64-sessiyasindagi bayandamasi <https://russian.cctv.com/20090928/103833.shtml> (jugingen kun: 10.10.2025).

2013 jilgi Aq kitap «中国武装力量的多样化运用»白皮书 [Kitay qaruli kushterin artaraptandru] // Sinxua. 16.04.2013. URL: http://www.gov.cn/zhengce/2013-04/16/content_2618550.htm (jugingen kun: 18.10.2025).

习近平：应积极倡导共同、综合、合作、可持续的亚洲安全观 [Si Czinpin: Biz jalpi, jan-jaqti, birlesken jane turaqti aziyaliq qauipsizdikting tujirimdamasin belsendi turde qorgaumiz kerek] // Sinxua. 21.05.2014. URL: http://www.xinhuanet.com/world/2014-05/21/c_1110792359.htm (jugingen kun: 13.08.2025).

Grachikov E.N., Syi X. KNR i mejdunarodnaya sistema: formirovanie sobstvennoi modeli miroustroistva // Vestnik mejdunarodnih organizacii. 2022. T. 17. No. 1. S. 7–24

习近平在博鳌亚洲论坛 2022 年年会开幕式上的主旨演讲 (全文) [Si Czinpinning 2022 jilgi Boao aziyaliq forumining ashilu saltanatindagi bagdarlamaliq sozi (toliq matin)] // Sinxua. 21.04.2022. URL: <https://baijiahao.baidu.com/s?id=1730682137269261638> (jugingen kun: 02.08.2025)

Se Guypin, E Yugan. 中国共产党国家安全思想研究 [Kitay Kommunistik partiyasining ulttiq qauipsizdik tujirimdamalarin zerttew] // Beyjing texnologiyaliq universitetining jurnali. 2023. Vol. 23. No. 3.

Go Caihua, Çjan Gocin. 全球安全危机与构建人类安全共同体[Jahandiq qauipsizdik dagdarisi jane adamzat qauipsizdigi qauimdistigin quru] // Journal of Zhejiang University. 2021. Vol. 51. No. 3. P. 48–60.

Larin V.L. Kitayskaia povestka mirovoi politiki XXI veka // Rossiyskoe kitaevedenie. 2023. T. 1. No. 2. C. 21.

^{*1}Арзыкулов А.А., ²Сериккалиева А.Е.

¹ *Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

² *Алматы менеджмент университет, Алматы, Казахстан*

E-mail: ¹amanzhan.arzykulov@gmail.com, ²serikkaliyeva@gmail.com

ИЗМЕНЕНИЕ КОНЦЕПЦИЙ БЕЗОПАСНОСТИ КНР

Аннотация. Развитие современного Китая и рост его влияния все больше привлекают внимание исследователей. Здесь особое внимание уделяется двум вопросам: первый- последствия усиления Китая и его способности влиять на международную систему; второй- как Китай использует свою мощь для ведения своих национальных интересов. Анализ имеющихся исследований показывает, что Китай оказывает значительное влияние на мировые и региональные процессы. Благодаря различным представленным им концепциям, вопросы о том, насколько Китай в будущем повлияет на существующую международную систему и насколько активно Китай может играть роль в управлении региональными и глобальными процессами, приводят исследователей к неоднозначным мнениям. В этой связи цель исследования статьи – эмпирически оценивать не только эволюцию концепций безопасности КНР, но и степень перехода от традиционных принципов («принципы мирного сосуществования») к зарубежным инструментам защиты экономических интересов и нормотворческим инициативам (в частности, Инициатива глобальной безопасности). Новизна статьи - систематическое сравнение содержания китайских «Белых книг» (2013-2019) и проведение официального контент-анализа Инициативы глобальной безопасности с учетом практических мер защиты национальных интересов КНР. В ходе достижения данной цели авторами были составлены обзоры различных изменений и поворотов, касающихся современной мировой безопасности, в связи с чем поставлены задачи анализа концепций безопасности на последних этапах развития КНР, оценки их изменений. При проведении исследования использовались общенаучные и специально-научные методы, а также метод контент-анализа. Результаты исследования позволяют глубже понять роль и особенности повышения национальной безопасности в связи с тем, что изменения концепций

безопасности КНР напрямую связаны с политико-экономическим развитием страны и, поскольку в центре внимания находятся китайские интересы, и эти результаты могут быть полезны политологам, регионоведам, а также специалистам в области внешней политики и дипломатии.

Ключевые слова: Глобальная безопасность, концепция безопасности, «многополярный мир», нетрадиционные вызовы, Один пояс-один путь", Белая книга.

*¹Arzikulov A.A., ²Serikkaliyeva A.E.

¹ Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Almaty Management University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹amanzhan.arzykulov@gmail.com, ²serikkaliyeva@gmail.com

CHANGE OF SECURITY CONCEPTS OF THE PRC

Annotation. The development of modern China and the growth of its influence are increasingly attracting the attention of researchers. Here, close attention is paid to two issues: the first is the consequences of China's strengthening and its ability to influence the international system; the second is the question of how China uses its power to pursue its national interests. An analysis of the available research shows that China has a significant impact on global and regional processes. The question of how China will influence the existing international system in the future through its various proposed concepts and how actively China can play a role in managing regional and global processes leads to a wide range of opinions of researchers. In this regard, the purpose of the study of the article is to empirically assess not only the evolution of the PRC's security concepts, but also the degree of transition from traditional principles ("principles of peaceful coexistence") to foreign tools for protecting economic interests and rule-making initiatives (in particular, the Global Security Initiative). The novelty of the article is a systematic comparison of the content of the Chinese White Books (2013-2019) and an official content analysis of the Global Security Initiative, taking into account practical measures to protect the national interests of the PRC. In the course of achieving this goal, the authors set the task of analyzing security concepts at the last stages of development of the PRC, assessing their changes, while reviewing various changes and turning points in relation to modern world security. In the course of the research, general scientific and special-scientific methods were used, as well as a content analysis approach. The results of the study show that changes in the security concepts of the PRC are directly related to the political and economic development of the country, and since the main place is occupied by Chinese interests, it is possible to gain a deeper understanding of the role and features of increasing national security, and these results can be useful for political scientists, regional scientists, as well as specialists in the field of foreign policy and diplomacy.

Keywords: Global security, the concept of security, "multi-polar world", non-traditional challenges, One Belt-One Road", White Book.

Авторлар туралы мәлімет:

Арзыкулов Аманжан Азкенович, PhD докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Сериккалиева Ажар Ермековна, қауым.профессор, Алматы менеджмент университеті, Алматы, Қазақстан

Сведения об авторах:

Арзыкулов Аманжан Азкенович, PhD докторант, Казахский национальный университет им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Сериккалиева Ажар Ермаковна, асс.профессор, Алматы менеджмент университет,
Алматы, Қазақстан

Information about authors:

Arzykulov Amanzhan Azkenovich, PhD doctoral student, Al-Farabi Kazakh National
University, Almaty, Kazakhstan

Serikkalieva Azhar Ermekovna, Ass. Professor, Almaty Management University, Almaty,
Kazakhstan

*Келіп түсті 8 желтоқсан 2025 жыл
Қабылданды 25 қаңтар 2026 жыл*